

unicef 

әрбір бала үшін

# МЕМЛЕКЕТТІК ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020

ҚАЗАҚСТАН

ЖЕЛТОҚСАН 2020



unicef  | әрбір бала үшін

# Мазмұны

<b>1-бөлім: Елдегі жағдай туралы жаңартылған ақпарат</b>	<b>5</b>
<b>2-бөлім: Негізгі нәтижелер</b>	<b>11</b>
Әр баланың сәтті дамуы	13
Әр баланы оқыту	17
Әр баланы зорлық-зомбылықтан және қанаудан қорғау	17
Әр баланың қауіпсіз және таза ортада өмір сүруі	20
Әр баланың өмірде тең мүмкіндіктері бар	22
Салааралық жұмыс	23
<b>3-бөлім: Серіктестік</b>	<b>25</b>
<b>4-бөлім: Инновациялар мен меңгерілген сабақтар</b>	<b>29</b>

*1-сынып оқушысы Артем сыныптастарымен бірге қазақ тілі сабағында, Қарағанды облысы, Батпақ ауылы, №6 мектеп.*

© UNICEF Kazakhstan/2020/Valeriy Kaliyev



UniSat жобасының мүшесі наноспутниктің

стратосфераға ұшуын бақылауда

© UNICEF Kazakhstan/2020/Ruslan Kostykin

ҚАЗАҚТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ

# 1-БӨЛІМ

Елдегі жағдай туралы жаңартылған ақпарат

## 1-бөлім:

### Елдегі жағдай туралы жаңартылған ақпарат

2020 жылы COVID-19 жаһандық пандемиясы, сондай-ақ ел ішіндегі және әлемдік аренадағы экономикалық оқиғалар балалар мен олардың отбасыларының жағдайына қатты әсер етті. 2020 жылы наурызда COVID-19 жұқтырудың алғашқы жағдайлары тіркелді, бұл өз кезегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төтенше жағдайды жариялауына себеп болды. Бұл экспортты ынталандыратын, Қазақстан экономикасының дамуына және бюджетке кірістердің жұмылдырылуына серпін беріп отырған мұнай мен газ сияқты негізгі шикізат тауарларына бағаның төмендеуі және жаһандық экономикалық құлдырау аясында орын алды. Сыртқы күйзелістер ұлттық валютаның әлсіреуіне ықпал етті. COVID-19 таралуын тежеу мақсатында қабылданған карантиндік шектеу шараларының нәтижесінде ұлттық экономика зардап шекті. Көптеген қазақстандықтар өмір сүруге қажетті қаражаттарын жоғалтты, бұл жиынтық сұраныстың төмендеуіне алып келді. Үкімет COVID-19 нәтижесінде туындаған экономикалық құлдырауға жауап ретінде жұмыспен

қамтуды қамтамасыз ету және дағдарысқа қарсы шаралар топтамасы шеңберінде зардап шеккен халықтың кірістерін қорғау, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп және инфрақұрылымды дамыту үшін 14,5 млрд. АҚШ долларын бөлді. Алайда, бұл шараларды іске асыру азаматтардың кірістерінің төмендеуін толық өтей алмады. Үкіметтің күтімі бойынша 2020-2024 жылдары экономиканың орташа жылдық өсімі

3,0%-дан аспайды. Қазақстан Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2020 жылы ЖІӨ-нің 2-2,3%-ға қысқаруы негізінен мұнай бағасының құлдырауы және отандық экономиканың қысқаруы есебінен болды.

Үй шаруашылықтарының ауыр материалдық жағдайын жеңілдету үшін 1 млн. астам аз қамтылған отбасылардың және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар азық-түлік жиынтығымен және бірінші кезекте қажетті тауарлармен қамтамасыз етілді, ал халықтың

**3-сынып оқушысы, Юрий, 6-мектеп,  
Қарағанды облысы, Батпақ ауылы,  
ЮНИСЕФ-тің USAID қолдауымен  
жасалған коронавирустан қорғану туралы  
ақпарат жазылған плакат алдында**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Valeriy Kaliyev

21,2%-дан астамы ең төменгі айлық жалақы мөлшерінде ақшалай трансферттер алды. Үкімет 2020 жылдың қаңтарында төрт немесе одан да көп баласы бар отбасыларға бағытталған реформаларды жүргізуге кірісті. Оның нәтижесінде, 2020 жылдың желтоқсанына қарай 439 мың көп балалы отбасыларға ай сайынғы бірыңғай жәрдемақы төленді, оның мөлшері отбасындағы балалар санына пропорционалды болды. 184 662 аз қамтылған отбасылар (936 189 адам, соның ішінде

496 126 әйел) атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылды, ал 550 мыңнан астам бала тамақ өнімдері және бірінші кезекте қажетті тауарлар немесе олардың ақшалай баламасы түрінде материалдық көмек алды.

COVID-19-ға байланысты карантиндік шектеу шараларын енгізу иммундауды, жүкті әйелдердің тамақтануы және емізу мәселелері бойынша консультация беруді және басқа да қызметтерді қоса алғанда, медициналық қызметтерге қолжетімділікті айтарлықтай шектеді. **2020 жылдың 9 айында аналар өлімінің көрсеткіші 100 000 тірі туған балаға шаққанда 44,6-ға дейін үш есеге ұлғайды.** БҰҰ басылылығымен өткізілген пандемияның балалар үшін әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау медициналық қызметтерге мұқтаждардың 56% үшін қолжетімсіз болғанын, ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл көрсеткіш одан да


жоғары болған және 60,3% құрайтынын көрсетті. Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылғы 1 сәуірден 11 мамырға дейін АМСК деңгейінде жоспарлы иммундау жүргізуді уақытша тоқтатты. **2020 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша бір жасқа дейінгі балалардың 73% қызылшаға қарсы екпе алды, бұл вакцинациямен қамтудың дәстүрлі көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен.**

2019-2020 оқу жылының екінші жартысында және ағымдағы оқу жылының бас кезінде білім беру жүйесі негізінен мектепке дейінгі деңгейден жоғары білімге дейін қашықтан оқыту негізінде жұмыс істеді. Бірыңғай платформаның болмауы және интернеттің төмен жылдамдығы онлайн оқытуды тиімді ұйымдастыруға кедергі келтірді. Шалғай ауыл мектептерінде интернетке тұрақты қосылу және ақпараттық-техникалық жабдықтар болмады, сонымен қатар компьютерлік сауаттылық тиісті деңгейде емес. **Бұл Қазақстанда білім алудағы айтарлықтай шығындарға және оқушылардың функционалдық сауатсыздығының 64%-дан 67%-ға дейін одан әрі өсуіне алып келді.**

COVID-19-ға байланысты барлық жастағы балалар алаңдаушылық, жалғыздық пен мектептің жабылуына және достары мен туыстарынан бөлініп кетуіне байланысты қиын эмоцияларға душар болды, пандемия олардың психикалық денсаулығына



аналар өлімінің көрсеткіші үш есеге ұлғайды



**БІР ЖАСҚА** дейінгі балалардың

**73%-Ы**

ғана қызылшаға қарсы екпе алды



Студенттердің функционалдық сауатсыздығы

**64%-дан 67%-ға**

дейін өсті



**Еуропалық Одақпен серіктестікте ЮНИСЕФ  
Қазақстанға елдің барлық 17 аймағындағы  
денсаулық сақтау ұйымдарына тарату үшін  
300000-нан астам ампула дексаметазон  
мен 2000 импульстік оксиметр жеткізді.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Zhanara Karimova

8 | Жылдық ЕСЕП 2020

кері әсерін тигізді. Карантиндік шектеу шараларын енгізу балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету және интернет желісінде балаларды ұйымдасқан түрде құдалау, шабуыл жасау және қорлау жағдайларын қиындатты. Жедел-бағалауға сәйкес, респонденттердің 15,3% COVID-19 таралғаннан бері тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының көбеюі туралы естігендерін немесе осы зорлық-зомбылықты бастан өткергендерін атап өтті. 2020 жылы наурызда «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы» қабылданды.

2020 жылы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл интернат үлгісіндегі жабық балалар мекемелеріне тәуелсіз мониторинг жүргізуді жалғастырды, оның нәтижелері [www.bala-ombudsman.kz](http://www.bala-ombudsman.kz) сайтында жарияланды. Бала құқықтарының өрескел бұзылуы, оның ішінде физикалық және жыныстық зорлық-зомбылық, сапасыз медициналық көмек және қамқорлықтың болмауы анықталды.

Карантиндік шектеу шараларының енгізілуіне байланысты көптеген мигранттар экономика-



лық жағдайдың күрт нашарлауы салдарынан жұмысынан айрылды, ал қазақстандық шекараның жабылуы олардың шығу елдеріне оралуын қиындатты. Нәтижесінде, шілде айының басында тәжік және өзбек ұлтының 3 000-ға жуық мигранттары Қазақстан-Өзбекстан шекарасында тұрып қалды, бұл ретте осы топта 25% әйелдер мен балалар болды. Мигранттардың шекарада болуының орташа мерзімі бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін, нашар жағдайда және су мен санитариялық-техникалық құрылыстарға қолжетімділігі шектеулі болды.



**3,000-ға**

**ЖУЫҚ МИГРАНТТАР**

Қазақстан-Өзбекстан шекарасында тұрып қалды

Үкімет Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Президент 2020-2025 жылдарға арналған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекске қол қойды, онда жасөспірімдердің құпия медициналық, психологиялық және репродуктивті қызметтерге жүгіне алатын жасы 18-ден 16 жасқа дейін төмендетілді, ал темекі өнімдеріне заңды қолжетімділіктің ең төменгі жасы 18-ден 21 жасқа

дейін көтерілді. Кодекске сәйкес ана сүтін алмастырғыштарды жарнамалауға тыйым салынған және жұмыс орнында емізетін аналарға жағдай жасалған, жүктілікке және босануға жеткілікті демалыс пен емізуге де қажетті уақыт берілген. Жаңа Кодекске сәйкес, диагнозы анықталмаған АИТВ-жұқтырған анадан туылған бала тұрақты бақылауда болуы және тегін АРВ-препараттарын ала алады. Сондай-ақ, Кодексте ұнды міндетті түрде байыту және тұзды йодтау қарастырылған.

Саяси реформаларды күшейту үшін қыркүйек айында Реформалар жөніндегі жоғары президенттік кеңес және Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі құрылды, ал ЮНИСЕФ өкілі Кеңестің сараптама комиссиясының мүшесі болды.

Үкімет ЮНИСЕФ-тің қолдауымен әлеуметтік саясат саласындағы жаңа тәсілдерді, яғни белсенді және кешенді әлеуметтік қызмет көрсетуді және әлеуметтік қызметкерлердің жағдайын жақсартуды қамтуы тиіс Әлеуметтік кодексті әзірлеуге кірісті.

Қазақстан Президенті Үкіметке ұлттық, сондай-ақ қосалқы ұлттық деңгейлерде де балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалау үшін ұлттық мониторингтік тетік ретінде балалардың әл-ауқат индексын әзірлеу және енгізу жөнінде тапсырма берді.

**Қожагелді батыр, Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауылының орта мектеп оқушысы қолын дезинфекциялаушы құралмен өңдеуде.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Zhanara Karimova



**Жания, 14 жаста, Алматы облысындағы  
стратосфераға наноспутникті ұшыруға қатысуда.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Ruslan Kostykin

## 2-БӨЛІМ | Негізгі нәтижелер



Диана мен Нұрболат, 4-сынып оқушылары,  
Батпақ ауылындағы №6 мектеп, қолдарын  
жуып жатыр.

## 2-бөлім:

### Негізгі нәтижелер

Елдік Кеңсе Қазақстандағы БҰҰ-ның басқа агенттіктерімен бірлесіп Балаларға қатысты жаһандық гуманитарлық қызмет аясында COVID-19-бен күресу.



#### Әрбір бала сәтті дамып, дені сау болып өседі

ЮНИСЕФ Үкіметке 2020-2025 жылдарға арналған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодексті әзірлеуге, АББЖ мәртебесін валидациялау, балалардағы артық салмақ мәселесін шешу үшін тамақтану саласындағы Ұлттық стратегияны әзірлеу кезінде, сондай-ақ жоспарлы иммундауды күшейтуде қолдау көрсетті. Инфекциялардың алдын алу мен оларға қарсы күресті жақсарту, сондай-ақ медициналық мекемелердегі сумен жабдықтау, санитария және гигиена (СЖСГ) объектілерін жақсарту мақсатында ЮНИСЕФ жекелеген өңірлерде бағалау жүргізді және жергілікті медициналық қызмет көрсетушілердің әлеуетін

нығайтты. Еуропалық Одақпен бірлесіп, ЮНИСЕФ үкіметтің COVID-19-бен күресу шараларын қолдау үшін 2 000 пульсоксиметр және 300 000-нан астам дексаметазон ампуласын сатып алды.

#### Тамақтану

Денсаулық сақтау министрлігі (ДСМ) жанындағы Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) ЮНИСЕФ-тің қолдауымен балалардың семіздігі мен артық салмақ мәселесін шешу үшін гендерлік аспектілерді ескеретін ұлттық тамақтану стратегиясын әзірледі және ұлттық мониторинг жүйесіне NUTRIDASH мониторингтік платформасын енгізді. Кіші жастағы балалардың тамақтануы және физикалық скринингі мәселелері бойынша медицина қызметкерлеріне арналған стандартты жедел рәсімдер мен оқу модульдері, сондай-ақ екі жасқа дейінгі балаларға арналған қосымша тамақтануға арналған рецепттер кітабы әзірленді.

#### АИТВ

ЮНИСЕФ ЮНЭЙДС-пен бірлесіп, Қазақстанның АИТВ-инфекциясының АББ жою бойынша ықпал ету жоспарында міндеттерді орындағанын растайтын АББЖ валидациясы туралы Ұлттық баяндаманы әзірлеуде Үкіметке қолдау көрсетті. Есеп ДДСҰ-ның Жаһандық валидациялық комитетіне ұсы-

нылды. ЮНИСЕФ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетімен және кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің Ұлттық Альянсымен серіктестікте ұлттық стандарт негізінде созылмалы аурулары (АИТВ, А, В гепатиті, туберкулез, диабеті) бар балалар мен жасөспірімдерге психоәлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша АМСК-ның 200 қызметкерін, ЖИТС орталықтарының мамандарын, әлеуметтік қызметкерлерді, әлеуметтік педагогтарды, медициналық жоғары оқу орындары мен ресурстық орталықтардың, ҰЕҰ қызметкерлерін оқытуды жүргізді. Мамандар ережелерді қатаң сақтау, әлеуметтік сүйемелдеу, қосалқы қадағалау және кемсітушіліктің алдын алу бойынша өз білімдері мен практикалық дағдыларын нығайтты.

#### Иммундау

ЮНИСЕФ ұлттық және жергілікті деңгейлерде иммундау жүйесін жақсартуда ДСМ қолдау көрсетуді көздейтін жаңа бағдарламаны Америка Құрама Штаттарының Халықаралық даму агенттігі, (USAID) қолдауымен іске асыруға кірісті. Елдік Кеңсе вакцинацияға жауапты аймақтық денсаулық сақтау менеджерлерінің ай сайынғы кездесулерін өткізу арқылы Қазақстан облыстары арасындағы ақпараттық өзара әрекеттесуге ықпал етті, мейіргерлерді, жалпы тәжірибе дәрігерлерін,



Қарағанды облысы, Батпақ ауылындағы №6 мектептің ұжымы ЮНИСЕФ USAID-тің қолдауымен сатып алған термосканерлерді, дезинфекциялаушы құралдар мен ақпараттық материалдарды алуда.

© UNICEF Kazakhstan/2020/Valeriy Kaliyev



педиатрларды, денсаулық сақтау менеджерлерін COVID-19-ға байланысты карантиндік шектеу шаралары енгізілгеннен кейін иммундаудың артта қалуын қалай жеңуге, вакциналардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге және тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуды үйретті, сондай-ақ иммундау бойынша медициналық оқу бағдарламасын талдап, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар берді. Қазіргі уақытта қызылша ауруының өсіп келе жатқан жағдайларына қарсы күрес бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін негізгі себептерді талдау аяқталуда. 10 айдағы есепке сәйкес, Қазақстанда вакцинациямен 70% қамтуға қол жеткізілді.

### Жасөспірімдердің психикалық денсаулығы

COVID-19 пандемиясы басталғалы бері балалар мен отбасылардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ету және психоәлеуметтік қолдау мақсатында ЮНИСЕФ ДСМ, БҒМ және Ұлттық психикалық денсаулық орталығымен серіктестікте жеке онлайн консультациялар ұсынатын арнайы сайтты (<https://covid-19.mentalcenter.kz>) іске қосты.

2020 жылдың сәуірінен желтоқсанға дейін осы веб-сайтқа 43 962 пайдаланушы (Қазақстаннан 94,3%) кірді. 58 маманнан тұратын команда 500-ден астам адамға (391 адам онлайн және 124 адам жазбаша түрде)

психологиялық күйзеліске, эмоционалдық бұзылуларға, әйелдерден келіп түсетін сұраулардың басым санымен отбасылық қатынастарға байланысты мәселелер бойынша кеңес берді, бұл ретте сұраулардың көбісі әйелдерден келіп түсті (82,1%), сұрақтардың 35% балалармен, жастармен, отбасылық мәселелермен және тұрмыстық зорлық-зомбылықпен тікелей байланысты болды. ЮНИСЕФ және оның серіктестері барлық өңірлердегі мектептер мен балабақшалардың

**7 000-нан астам психологтарын отбасылар мен жасөспірімдерге қашықтан психологиялық көмек көрсету, психикалық денсаулық пен психологиялық тұрақтылықты нығайту, қашықтан оқыту кезінде интернеттегі зорлық-зомбылық пен қудалаудың алдын алу дағдыларына Citi қайырымдылық қорының қолдауымен үйретті.** Қашықтан психологиялық көмек пен қолдау көрсетумен айналысатын психологтар мен психиатриялық қызмет қызметкерлеріне арналған 117-ден астам вебинар өткізілді, бұл ретте онлайн режимінде 23 000-нан астам қатысушы тіркелді. Дүниежүзілік психикалық денсаулық күнін өткізу кезінде 340 000-нан астам жасөспірім мен ата-ана тұрғылықты жері бойынша психиатриялық және психоәлеуметтік қолдауға және мамандарға жіберу мүмкіндіктері туралы ақпарат алды.



Қашықтан психологиялық қолдау көрсету үшін

7,000

мектеп және балабақша психологтары арнайы оқудан өтті



2944 шағын жинақты мектептің

3,900

білім беру ұйымы балаларды қалай қорғауға болатынын және COVID-19 таралуын болдырмау туралы арнайы білім алды



14 жастағы Илдан, Нұр-Сұлтаннан, Citibank  
қолдауымен ЮНИСЕФ сатып алған  
қашықтықтан оқытуға арналған ноутбукті алуда.

© UNICEF Kazakhstan/2020/Darkhan Zhagiparov

104.002.05





## Әрбір бала білім алады

### Мектепке дейінгі білім беру

Қайта ашылуға қарастырылған ұйымдардың алғашқыларының бірі мектепке дейінгі мекемелер болды, бұл кезеңде Үкімет COVID-19 салдарынан үлкен жастағы балаларға арналған орта мектептерде онлайн оқытуды ұзартты. ЮНИСЕФ БҒМ және ДСМ бірлесе отырып, 1 605 әкімшіні, тәрбиешілерді және медицина қызметкерлерін қамти отырып, балабақшалардың жұмысын қауіпсіз қалпына келтіру бойынша төрт вебинар өткізді. Бұдан басқа, ЮНИСЕФ пен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Ұлттық орталығының сайттарында COVID-19 пандемиясы кезінде және одан кейін қазақ және орыс тілдерінде мектепке дейінгі мекемелер мен балабақшаларды қайта ашу жөніндегі арнайы нұсқаулықтың электрондық нұсқалары орналастырылды.

### Бастауыш/орта білім беру

Жеке және мемлекеттік мектептер, шағын жинақты ауыл мектептерін қоспағанда, COVID-19-ға қарсы күрес шаралары ретінде 2020 жылдың сәуір айынан бастап онлайн режимде жұмыс істейді. **COVID-19 алдын алу және оған қарсы күрес бойынша ауылдық шағын**

**жинақты мектептер үшін тәжірибелік нұсқаулықты қамтамасыз ету мақсатында, ЮНИСЕФ ЮНЕСКО, ДСМ және БҒМ-мен бірлесіп, 3 900-ден астам мектеп директорларын, 2 944 шағын жинақты мектептің мұғалімдері мен медицина қызметкерлеріне COVID-19, эпидемиологиялық бақылау ережелері, мектептердің қауіпсіз жұмысы туралы негізгі фактілерді түсіндіретін сегіз вебинар өткізді.** ЮНИСЕФ сонымен қатар термосканерлерді, дезинфекциялық құралдарды сатып алды және елдің 15 аймағында 194 000-нан астам баланы ықтималы түрде теориялық тұрғыдан қамтып, осы ауыл мектептері үшін COVID-19 алдын алу және СЖСГ нысандары бойынша ақпараттық және оқу материалдарын ұсынды.

### Мектепке бармаудың алдын алу

ЮНИСЕФ мектепке бармау жағдайларын (мектепке бармайтын балалар арасында елеулі гендерлік айырмашылықтар байқалмайды) болдырмау, анықтау және ден қою мақсатында Нұр-Сұлтан қ., Қарағанды, Көкшетау және Ақмола облыстарының жекелеген мектептерінде ерте ескерту жүйесін (ЕЕЖ) нығайту ісінде Кембридж және Назарбаев университеттерімен және Назарбаев зияткерлік мектептерімен (НЗМ) өз серіктестігін жалғастырды. 500-ден астам мұғалім оқытуды қолдау, оқушылардың мектептен кетуіне жол бермеу және отбасылармен жұмыс істеу әдістеріне оқытылды.

Пилоттық мектептерде ЕЕЖ бойынша топтар құрылды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар анықталды және бірқатар әлеуметтік қызметтері бар отбасыларға қолдау көрсету үшін сыртқы ресурстар анықталды



## Әрбір бала зорлық-зомбылық пен эксплуатациядан қорғалған

### Зорлық-зомбылықты ескерту

ЮНИСЕФ ұлттық билік органдарына ұлдар мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында теріс әлеуметтік нормаларды жоюда, сондай-ақ әкелердің балалардың тәрбиесіне қатысуын қоса алғанда, ата-ана дағдыларын нығайтуда қолдау көрсетуді жалғастырды. Ақпараттық-насихаттау науқаны теориялық тұрғыдан әлеуметтік желілер арқылы ықтималды түрде 11 миллион адамды қамтыды. #LearningAtHome науқаны қоғамдық пікір қалыптастыратын 13 қазақстандық блогерлерді тарту жолымен аудиторияны қамтуға ықпал етті, олар өздерінің жеке үлгісімен ата-аналарды COVID-19-ға байланысты карантин кезінде балалармен сапалы уақыт өткізуге ынталандырды. Бұл науқан сәуір-мамыр аралығында түрлі әлеуметтік желілерде Елдік кеңсе жазылушылары санының бірден өсуіне ықпал етті, соның ішінде Instagram (100% өсім) 18 мыңнан 34 мыңға дейін өсті және Facebook 30% өсім көрсетті.



**ЮНИСЕФ-тің екі волонтері Қазақстанда  
COVID-19 пандемиясы басталғанға дейін  
ЮНИСЕФ өткізген тренингтен кейін.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Sula Anarbekov

7-ден 12 жасқа дейінгі және 12-ден 17 жасқа дейінгі балаларға арналған «Жақсы ата-ана болуды үйрену» атты екі кітапшаны қоса алғанда, ата-аналарға әртүрлі жастағы балаларды тәрбиелеу бойынша ұсынымдармен көмек беру үшін ата-аналарға арналған арнайы парақша әзірленді.

2020 жылы ЮНИСЕФ пен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл 2016 жылы бастапқы зерттеу жүргізілген сәттен бастап ықтимал өзгерістерді тексеру үшін балаларға қарсы зорлық-зомбылыққа (БҚЗ) байланысты мәселелер бойынша отбасылардағы білім, қарым-қатынас және тәжірибені қосымша зерттеуді бастады.

ҚДСҰО Ғылыми кеңесі педиатрларды, мейіргерлерді, травматологтарды, жедел жәрдем машиналарында, стационарларда және интернат мекемелерінде жұмыс істейтін персоналды қоса алғанда, медицина мамандары үшін БҚЗ жағдайларына қатысты гендерлік аспектілерді ескере отырып, COP бекітті.

ЮНИСЕФ ұлттық билік органдарымен бірлесіп, жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, құқық бұзушылармен қарым-қатынасы бойынша бөлуді қоса алғанда, БҚЗ жағдайлары бойынша әкімшілік деректерді бағалауды жүргізді. БҚЗ жағдайлары бойынша әкімшілік деректерді дамыту және өңдеу дәрежесі бойынша жалпы ұлттық балл орташа ретінде сараланды. Балаларды зорлық-зомбылықтан

қорғау және зардап шеккен балаларға қолдау көрсету үшін министрліктер мен қызмет көрсетушілер жұмысының тиімділігін бағалау мақсатында ұлттық көрсеткіштердің де жоқтығы белгіленеді.

ЮНИСЕФ-тің 226 еріктісі (179 әйел және 47 ер адам) елдегі 304 мектепте 40 283 баланы (19 562 әйел және 20 721 ер адам) мектептерде бұллингтың алдын алу бойынша «BeKind» [Мейірімді бол] 863 онлайн сабақтары арқылы қамтыды.

### Институционалсыздандыру

ЮНИСЕФ интернат үлгісіндегі мекемелердегі балалар туралы жынысы/жасы бойынша деректерді жинау үшін стандартты хаттаманы сынақтан өткізді және бала күтімі бойынша көрсеткіштерді тестіледі. Екі құралды тестілеу үкіметтің институционалсыздандыруды қолдау саясаты мен тәжірибесі туралы, мекемелерде тұратын балалар туралы нақты мәліметтер туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді әрі балама күтімдегі ресми мекемелерге орналастырылған балалардың мінездемелерін, олардың қажеттіліктері туралы нақты ақпарат берді, сонымен қатар деректерді жинау және өңдеу жүйелеріндегі кемшіліктерді анықтады.

### Көші-қонға қатысы болған балалар

ЕО қолдауымен және Балалар құқықтарын қорғау комитетімен және Адам құқықтары

жөніндегі уәкілмен ынтымақтастықта Қазақстанның үш өңірінде орын ауыстыру процесінде тұрған балаларды қорғау қызметтері өрістетілді. ЮНИСЕФ қорғау қызметтерін ұсыну үшін эксперименттік үлгі мен ұйымдық құрылымды дамытуға қолдау көрсетті. Осы модельді қолдау мақсатында ЮНИСЕФ жергілікті билік органдарына нұсқаулықты/COP іске асыруға көмек көрсетті. Есептік кезеңде 90 мигрант-балалар (45 ұл және 45 қыз) тұрғылықты жері бойынша жекелеген ҰЕҰ-дан қызметтер алды.

**Гуманитарлық ден қою шеңберінде ЮНИСЕФ COVID-19 салдарынан Қазақстан шекарасында қиын жағдайға тап болған 200 әйел мен балаларға қолдау көрсетті және оларға етеккір кезінде гигиенаны қамтамасыз ету құралдарын (гигиеналық майлықтар), суды, гигиеналық керек-жарақтарды, психоәлеуметтік қолдауды және ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі мамандарға жолдауды қоса алғанда ЖҚҚ берді.**

### Сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету

Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен ЮНИСЕФ жақында қабылданған балалар туралы заңнаманы іске асыру тетігін құруға өз үлесін қосты. Қазақстанда медициналық-әлеуметтік тізілімнің дамуы туралы есеп қиын өмірлік жағдайға тап болған және заңмен

шиеленістегі балаларды қорғау үшін істі сотқа дейін тыңдауға дайындау жүйесін және заңнамалық өзгерістерді енгізу бойынша саясат пен ұсыныстарды қалыптастырды.

Ұзақ уақытқа созылған ақпараттық түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде Парламент жұмыс тобы балаларды қорғау саласындағы жаңа өзгерістерге келісті.



**Әрбір бала қауіпсіз және таза ортада өмір сүреді**

### Дүлей апаттардың қауіп-қатерін төмендету

ЮНИСЕФ Төтенше жағдайлар министрлігімен (ТЖМ) және төтенше жағдайларға ден қою және дүлей апаттардың қауіпін азайту жөніндегі Өңірлік Орталықпен (ТЖДАҚАӨО) бірлесіп, Қытай үкіметімен дүлей апаттардың салдарын кешенді жеңілдету, дүлей апаттардың мониторингі үшін алдын ала белгіленген ҰҰА-ларын пайдалану, төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету және оларға ден қою саласындағы мемлекеттік-жеке серіктестік, сондай-ақ іздестіру және құтқару жұмыстары үшін ҰҰА-ларын сынау нәтижелері мәселелері бойынша, Қазақстанда өрттерді ерте анықтау және су тасқыны қауіпін бағалау бойынша тәжірибемен виртуалды алмасуға көмек көрсетті.

ЮНИСЕФ сондай-ақ дүлей апаттар қауіпін бағалау кезінде оқыту және пайдалану үшін квадракоптер сатып алу арқылы ТЖДАҚАӨО әлеуетін арттыруға инвестиция салды. Жергілікті төтенше жағдайлар департаменттерінің 50-ден астам маманы ұшудан кейін ҰҰА-ны пайдалану және деректерді талдау бойынша дайындықтан өтті. Бұдан басқа, ЮНИСЕФ ТЖДАҚАӨО-мен бірлесіп Бішкек қаласында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қытайдан келген төтенше жағдайлар жөніндегі 40 маманның қатысуымен ҰҰА-ны пайдалану және кәсіпкерлік сектормен ынтымақтастық мәселелері бойынша өңірлік семинар ұйымдастырды.

Төтенше жағдайлар жөніндегі, гендерлік мәселелер жөніндегі Елдік Кеңсе үйлестірушілері мен ТЖДАҚАӨО сарапшылары Орталық Азиядан келген ЮНИСЕФ-тің шұғыл қызметтерінің және техникалық топтарының (ЮСАИД қаржыландырған) қызметкерлері үшін ЮНИСЕФ/ҚЖА және ҚКҚХФ төтенше жағдайлардағы гендерлік мәселелер жөніндегі бірлескен тренингінен пайда көрді.

### Жарақаттанудың алдын алу

2020 жылы ЮНИСЕФ пен ҚДСҰО балалар жарақаттануының алдын алуды жақтауды жалғастырды, заңнамаға шолу жүргізді және балалар жарақаттануының алдын алу тетігін нығайтуға бағытталған құрылыс нормалары бойынша ұсыныстар берді. ЮНИСЕФ мектепте балалардың жарақат алу жағдайларын, оқу модульдерін мониторингілеу тетігін әзірлеуге және апробациялауға ықпал етті және 40-тан астам мұғалімді даярлады. Халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, ҚДСҰО қызмет көрсетушілер мен ата-аналар үшін балалар жарақатының алдын алу бойынша ресурстық орталықтың тұжырымдамасын ұсынды.



**Әр баланың өмірде тең мүмкіндіктері бар**

### Кедейшілікте өмір сүретін балалар

2020 жылы ЮНИСЕФ Үкіметке тиісті саяси шешімдер қабылдауға және COVID-19 таралуына жауап ретінде қабылданған әлеуметтік қорғау шараларының тиімділігін арттыруға қолдау көрсетті. Үкімет мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды индекстеуді, табысы жоғалған адамдар үшін 42 500 теңге (101 АҚШ доллары) мөлшерінде арнайы



Қаламқас, 16 жаста, ЮНИСЕФ волонтері,

отбасымен Шығыс Қазақстан облысы,

Ақсуат ауылында.

© UNICEF Kazakhstan/2020/Valeriy Kaliyev

жәрдемақы енгізуді, осал топтар үшін тегін азық-түлік пакеттерін қоса алғанда, COVID-19 таралуына жауап ретінде ЖІӨ-нің 5,7% мөлшерінде кешенді шаралар пакетін іске асырды. Алайда, жоғарыда аталған шараларды іске асыру әлеуметтік қорғау жүйесіндегі көптеген олқылықтарды анықтады.

ЮНИСЕФ Қазақстандағы балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғау жүйесіне бағалау жүргізеді. Осындай бағалау барысында балалары бар кедей отбасылар үшін ақшалай жәрдемақы ұсынудың негізгі бағдарламасы болып табылатын атаулы әлеуметтік көмекке айтарлықтай көңіл бөлінді. Соңғы үш жылда АӘК рәсімдері үш рет елеулі түрде қайта қаралғандықтан, осы саясатты түзетудің түпкілікті әсері белгісіз болып қалады. Бағалау нәтижелері 2021 жылы жарияланғаннан кейін бұл мәселе туралы одан әрі түсінік береді.

## Әлеуметтік жұмыс

ЮНИСЕФ-тің қолдауымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (ЕХӘҚМ) әлеуметтік қорғау саласындағы саясаттың жаңа заңдары мен бағыттарын әзірлей отырып, салааралық әлеуметтік жұмысты үйлестіруді жалғастырды және үйде күтім жасау мекемелері мен интернат үлгісіндегі мекемелердегі мамандарды, әлеуметтік

қызметкерлерді қоса алғанда, персоналдың құзыреттілік деңгейін айқындау үшін 11 000-нан астам қызметкерді қамту мақсатында әлеуметтік қызметтің жұмыс күшін бағалауды жүргізді.

Бұдан басқа, ЮНИСЕФ оқу курсының оқу жоспарын әзірлеуді қоса алғанда, институционалдық ұйымдардың 1 847 маманына оқыту жүргізді. ЮНИСЕФ мобильді қосымша (skillcup.ru) негізінде интерактивті оқу модулін және YouTube (Onege арнасы) әлеуметтік жұмыс негіздері және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша 10 бейнедәрістен тұратын курсты әзірлеуді қолдады.

Әлеуметтік қызметтерді реформалау үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу мақсатында ЕХӘҚМ және ЮНИСЕФ жыл сайынғы әлеуметтік қызмет жұмыскерлерінің форумын өткізді, оған 300-ден астам практик-мамандар мен халықаралық сарапшылар қатысты. Бұл форумда әлеуметтік қызметтердің еңбек ресурстары туралы жаңа заңнаманы олардың кәсіби дайындығы мен әл-ауқатына деген қажеттіліктерін ескере отырып әзірлеу арқылы әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін арттыруға баса назар аударылды. ЮНИСЕФ мүмкіндігі шектеулі балаларға балама күтім жасау қызметтерін құруға Грузия мен Болгарияның тәжірибесін

енгізіп, ЮНИСЕФ-тің жыл сайынғы форумда институционалсыздандыру туралы пікірімен бөлісті.

ЮНИСЕФ жүйені күтім, әлеуметтік қолдау және қадағалау қызметтерін ұсынудың заманауи тәсілдемесімен жабдықтау мақсатында қолданыстағы заңнамаға, кадрларды кәсіби даярлаудың стандарттары мен бағдарламаларына шолу жүргізуге қолдау көрсетті. 2020 жылы Үкімет Әлеуметтік кодексті, әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты тұжырымдайтын негізгі заңды және Кодекстің негізгі ережелерін іске асыру бойынша «жол картасы» ретінде қарастыруға болатын Қазақстанда әлеуметтік жұмысты одан әрі дамытудың 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарын әзірлеу жөніндегі өзінің жоспары туралы жариялады. Үкіметтің өтініші бойынша ЮНИСЕФ ЕХӘҚМ-ге екі құжатты дайындауда техникалық және сараптамалық көмек көрсетеді.

ЮНИСЕФ «Ақша плюс» («Деньги плюс») пилоттық жобасына қатысатын үш өңірдің жергілікті әлеуметтік қорғау қызметінің қызметкерлері үшін әлеуметтік жұмыстың базалық дағдылары және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша 250 әлеуметтік қызметкерге арналған тренингтер сериясын өткізді, оның шеңберінде отбасыларға 30-дан астам қызмет көрсетіледі.



## Салааралық жұмыс

### Сатып алуды жүзеге асыру бойынша қызметтер

2020 жылы ЮНИСЕФ Қазақстан Үкіметіне негізгі дәрілік заттар мен вакциналарды сатып алуға қолдау көрсетуді жалғастырды және жалпы сомасы 9 млн. АҚШ долларына вакцинаның 4 түрі мен 11 ретровируске қарсы препараттарды қойды. Алғаш рет ЮНИСЕФ АИТВ-ға тест сатып алуға қолдау көрсетті. Үкіметтің сатып алу саласындағы әлеуетін нығайту мақсатында, ЮНИСЕФ цифрлық көрсеткіштерді елішілік бағалауды, РВҚ-препараттарға болжам жасау мен бюджетті құруды жүргізді және РВҚ-препараттарды сатып алу процесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар берді.

### Балаларға арналған және бағалау жүргізуге арналған деректер

2020 жылы Елдік Кеңсе Қазақстандағы балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғау жүйесіне бағалау жүргізуді жалғастырып, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы ұлттық реформаларды бағалауға кірісті.

Үкімет Ұлттық статистика бюросы көрсететін ЮНИСЕФ-тің тұрақты қолдауымен балаларға қатысты барлық көрсеткіштерді қамтитын ТДМ көрсеткіштерін ұлт меншігіне алу процесін аяқтады.

Білім Министрлігі жанындағы Балаларды қорғау комитеті ЮНИСЕФ-тің «Инноченти» мамандандырылған зерттеу орталығы мен Елдік Кеңсенің қолдауымен Балалардың әлауқат индексін әзірлеуге кірісті.

### Ақпараттық өзара әрекеттесу және жұртшылықпен байланыс

**Елдік Кеңсе әлеуметтік желілерді пайдаланушылар санын 3,6 есеге (2019 жылғы 20 000-нан 2020 жылы 72 376-ға дейін) арттыра отырып, цифрлық коммуникацияларға басым назар аудара бастады.** Арттыру негізінен әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікір жетекшілерін және #LearningAtHomeChallenge, WCD #KidsTakeover арқылы саясатты әзірлеуге жауапты тұлғаларды тарта отырып, тез артып келе жатқан Инстаграм аккаунтына баса назар аудара отырып, тиісті контент құруға, онлайн-еріктілерді жұмылдыруға және COVID-19 жұқтырудың алдын алу үшін өмірлік маңызды ақпаратты таратуға байланысты. Сонымен қатар, Елдік кеңсе дәстүрлі БАҚ-та

баланың құқықтарын алға тартып, балалар құқықтары мен «балалардың күн тәртібі» туралы жаңалықтар мен талдамалық материалдар сегментінде ақпараттың 38%-ына жетті (мақсатты 30%-бен салыстырғанда).



unicef 

**ЮСАИД-тің қолдауымен ЮНИСЕФ шағын**

**мектептер үшін термосканерлер мен**

**дезинфекциялаушы заттарды сатып алды,**

**осылайша еліміздің 15 аймағындағы 194000-нан**

**астам балаларға ықтималды түрде жетті.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Darkhan Zhagiparov



## 3-БӨЛІМ | Серіктестік

## 3-бөлім:

### Серіктестік

**2020 жылы Елдік Кеңсе балалар мүддесі үшін барынша жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін бағдарламаның барлық нәтижелері бойынша серіктестікті өзара әрекеттесуді оңтайландырды және БҰҰ ынтымақтастық тетіктеріне белсенді қатысты (тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастық жөніндегі БҰҰ Негіздемелік бағдарламасы бойынша жұмысты аяқтау, бірлескен ақпараттық-түсіндіру жұмысы, бағдарламаларды зерттеу және әзірлеу).** ЮНИСЕФ Үкіметтің COVID-19 таралуына ден қою шараларын қолдау үшін БҰҰ-ның бүкіл жүйесі шеңберінде қабылданып жатқан күштерге қосылды және БҰҰ-ның тәуекелдер туралы ақпараттандыру жөніндегі тобын басқарды, денсаулық сақтауға (ДДСҰ-ның басшылығымен) және әлеуметтік-экономикалық топтардың жұмысына (БҰҰДБ-ның басшылығымен) өз үлесін қосты.

ЮНИСЕФ ЮНЕСКО-мен, Дүниежүзілік банкпен және ДДСҰ-мен бірлесіп мектептердің жұмысын қауіпсіз қайта бастау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді және білім беру және денсаулық сақтау министрліктеріне COVID-19 пандемиясы мәнмәтінінде мектептер-

мен байланысты қоғамдық денсаулық сақтау шараларын жүзеге асырудың және мектептердің жұмысын қауіпсіз қайта бастау, мектеп жүйелерінің сыртқы әсеріне төзімді құру, инклюзивті цифрлық және аралас оқытуды ұйымдастыру мәселелерінде 900-ден астам білім беру/денсаулық сақтау мамандарының әлеуетін арттырудың жаңа басқарушы қағидаларын енгізу ісінде қолдау көрсетті.

ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, АТМЭӘК балалар бюджетін құру жөніндегі бастаманы қоса алғанда, ТДМ қаржыландырудың тұтас стратегиясының балаларға пайда әкелуін қамтамасыз ету үшін Интеграцияланған ұлттық қаржыландыру құрылымымен саясат пен қаржыландыруды келісу жөніндегі бірлескен бағдарламаны жүзеге асыруға кірісті.

БҰҰДБ-мен серіктестікте ЮНИСЕФ әлеуметтік көмекке, денсаулық сақтау мен білім беру қызметтеріне, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар мен оқушылардың бос уақыты мен басқа да қажеттіліктеріне қолжетімділікті бағалауға арналған Қазақстандағы балаларға COVID-19 әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалауды жүргізді.

ЮНИСЕФ көші-қон іс-шараларына жәрдемдесу және көші-қонды тиімді басқаруға үлес қосу мақсаты болып табылатын ХКҚҰ басқа-

ратын Қазақстандағы БҰҰ-ның жақында құрылған көші-қон желісіне қатысады.

ЮНИСЕФ әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлі-уәждемелі зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен, БҰҰ-Әйелдермен, ЮН-ФПА және БҰҰДБ-мен тығыз ынтымақтасады.

ЮНИСЕФ-пен қатар, БҰҰ АҚЖКБ COVID-19 пандемиясы кезінде жабық мекемелердің мониторингін жалғастыруды да қолдады.

COVID-19-ға байланысты балалар тап болатын мәселелерді шешу үшін ЮНИСЕФ Қазақстанда көпжақты донорлармен және жеке сектормен әріптестік қатынастарын кеңейтті. ЮНИСЕФ Еуропалық Кеңеспен бірлесіп дәрі-дәрмектерді (пульсоксиметрлер, дексаметазон) сатып алды. ЮНИСЕФ Citi қайырымдылық қорымен серіктестікте 60 әлеуметтік осал балаларға арналған ақпараттық-техникалық жабдықтарды сатып алуды қоса алғанда, сапалы қашықтан оқытуға қол жеткізуді кеңейтуді, сондай-ақ COVID-19 кезінде балаларға психоәлеуметтік қолдау көрсету бойынша мектеп психологтарының әлеуетін арттыруды қолдады.

ЮСАИД қолдауымен ЮНИСЕФ COVID-19 жұқтыру қаупі мәселелері бойынша коммуникацияларды жандандырды, COVID-19 бойынша өмірлік маңызды хабарламаларды, 2 000-нан астам шалғайдағы ауыл мектептері үшін маңызды материалдарды (дезинфекциялық құралдар, антисептиктер, термосканерлер) берді, инфекциялардың алдын алуды жақсартуға және медициналық мекемелерде олармен күресуге, сондай-ақ дәлелдемелер жинауға ықпал етті. Бұдан басқа, ЮНИСЕФ, ЮСАИД және АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын-алу орталығы иммундау жүйесін нығайту мақсатында бірлесіп жұмыс жасады.

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, Қазпошта және Билайн коммерциялық ұйымдарымен серіктестікте ЮНИСЕФ осы компаниялардың 2 000-нан астам қызметкерін ата-аналық оң дағдыларға үйрету бойынша өзінің бағдарламасын кеңейтті. Қазпошта барлық өңірлерде, оның ішінде шалғайдағы ауылдық аудандарда өз пошта бөлімшелері арқылы ұлдар мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша оқу материалдарын өтеусіз орналастыруды ұйымдастырды.

Citi қайырымдылық қоры ЮНИСЕФ-тің әлеуметтік тұрғыдан осал балаларды

оқыту үшін компьютерлермен жабдықтау арқылы сапалы онлайн-білімге үздіксіз қолжетімділікті қолдау жөніндегі бағдарламасын қоса қаржыландырды. Citi қайырымдылық қоры АҚШ ЮНИСЕФ-тің корпоративті серіктестік бөлімінің қолдауымен карантин кезінде күйзелісті жеңетін балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және психикалық денсаулығын қолдау бойынша көпжақты жобаға өз үлесін қосты.

ЮНИСЕФ Қазақстан барлық серіктестерге, соның ішінде Еуропалық Одаққа, АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігіне (USAID), Сыртқы істер министрлігіне, Білім және ғылым министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комитетке, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияға, Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілге, Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары жөніндегі уәкілге және Citi қайырымдылық қорына алғыс білдіреді.



Сандуғаш Құдайбергенова COVID-19

пандемиясы кезінде халыққа

онлайн-психологиялық көмек көрсетуде.

© UNICEF Kazakhstan/2020/Zhanara Karimova



**UniSat жобасының қатысушылары стратосфераға  
наноспутникті ұшырғаннан кейін, Алматы облысы.**

© UNICEF Kazakhstan/2020/Ruslan Kostykin

## **4-БӨЛІМ** | Инновациялар мен меңгерілген сабақтар

unicef  | әрбір бала үшін

## 4-бөлім:

### Инновациялар мен меңгерілген сабақтар

COVID-19 пандемиясы Қазақстанда бағдарламаны іске асыруға айтарлықтай әсер етті, бұл жұмыс жоспарын қайта қарауды, COVID-19-ға байланысты балалар мен отбасылардың туындайтын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ЮНИСЕФ-тің Еуропа және Орталық Азия бойынша аймақтық кеңсесінің «Балалардың мүддесіндегі жаһандық гуманитарлық қызмет» үндеуін бірлесіп әзірлеуді, бағдарламаны іске асыру нысандарын өзгертуді (яғни карантин кезінде цифрлық коммуникацияларға басым назар аударылады), сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің штаб-пәтері рұқсат еткен оңтайландырылған рәсімдерді қолдануды талап етті. Алынған негізгі сабақ-бағдарламалар түбегейлі өзгерген жағдайда түзету жергілікті жерлерде балалардың мүддесі үшін нәтижелерге қол жеткізу үшін көптеген проблемалар тудырды. Мысалы, үкіметтің басымдықтарын COVID-19-ға байланысты балалардың күн тәртібінен ауыстыру және қызметтер ұсыну бойынша мүмкіндіктерді азайту, ЮНИСЕФ-тің бағдарламалық және қаржылық іс-шараларын қашықтан өткізу, офлайн режиміндегі сапарлар мен іс-шараларды шектеу. Алайда, COVID-19 пандемиясы көптеген мүмкіндіктерді тудырды, мысалы,

біздің әлеуетті күшейту бойынша қызметіміздің қамтылуын кеңейте отырып, бюджет қаражатын үнемдеу. Онлайн форматтың арқасында бенефициарлар саны да, географиялық қамтуда ұлғайды, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің көптеген рәсімдері оңтайландырылып, цифрлық форматқа көшірілді. COVID-19 пандемиясы атқарушы-серіктестермен жұмыс істеу механизміне айтарлықтай әсер етті, сондықтан штаб-пәтер шығарған COVID-19 пандемиясы кезінде атқарушы-серіктестерді басқару жөніндегі Нұсқаулық жыл бойы өте пайдалы болды.

Цифрлық байланыс арналарына басым назар аударуды тұспалдайтын тәсіл карантин кезінде табысты болды. ЮНИСЕФ-тің әлеуметтік желілердегі пайдаланушыларының жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 3,6 есе өсті (2019 жылғы 20 000-нан 2020 жылы 72 376-ға дейін). Әлеуметтік желілерді қамту бойынша Елдік Кеңсенің жетістіктері қойылған мақсаттан едәуір асып түсті - жоспар бойынша 5 миллионмен салыстырғанда 11 миллионнан асты. Бұл негізінен әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікір көшбасшыларын және әлеуметтік желілердегі саясатты әзірлеуге жауапты тұлғаларды

#LearningAtHome және #KidsTakeover (Дүниежүзілік балаларды қорғау күні) науқандарына қатысуға тарту арқылы болды. Жалпы алғанда, соңғы екі жылда әлеуметтік желілерде 80-нен астам қоғамдық пікір көшбасшылары ЮНИСЕФ-тен хабарламалар таратты. Инстаграм ЮНИСЕФ-тің осы желідегі аккаунтын COVID-19 пандемиясы туралы ресми ақпарат көзі ретінде жүргізді.

Басқа да оң сабақтардың ішінде еріктілердің ЮНИСЕФ бағдарламаларын іске асыруға табысты қатысуын, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмысын және қалың жұртшылық арасында насихаттауды атауға болады. **ЮНИСЕФ еріктілер қызметінің бағдарламасы жүзеге асырыла бастаған сәттен бастап 2020 жылғы наурыздан бастап оған 7 500-ге жуық жас еріктілер қатысты. Олар 36 000-нан астам мектеп оқушылары мен 1 500 ата-ана үшін онлайн сабақтар өткізді, сонымен қатар әлеуметтік желілерде 3 300-ден астам хабарламалар құрды және 750 000-нан астам Интернет қолданушыларын қамтыды. 2020 жылы еріктілер бағдарламасы алты тақырыпты қамтыды: COVID-19 алдын-алу және ол туралы**

## 2020 жылғы ЮНИСЕФ волонтерлық бағдарламасы:



7,500  
жас  
волонтер



Интернет-сабақтар  
арқылы  
36,000  
мектеп оқушылары

&



1,500  
ата-аналарға  
жетті



750,000-нан  
астам желі қолданушылары  
әлеуметтік желілерде



3,300-ден  
астам хабарлама оқыды



қате түсінікті жою үшін өмірлік маңызды хабарламаларды тарату; Интернет желісінде және мектептерде қудалау мен қорлаудың алдын алу; балалардың пластикті қолдануын азайту; табиғи апаттардың қаупін азайту туралы білімдерін кеңейту; балалардың құқықтарын көтермелеу және инклюзивті қоғамды алға жылжыту. COVID-19 пандемиясы кезінде ЮНИСЕФ еріктілері таратқан 3000-нан астам хабарламада балалар құқықтары туралы ақпарат кеңінен тарап, ЮНИСЕФ-тің әлеуметтік желілердегі аккаунттарын ілгерілетті және қолданушылардың атсалысуын арттырды.

2020 жылы ЮНИСЕФ Қазақстан командасы біздің атқарушы-серіктестерімізбен өзара әрекеттестікті басқару тәжірибеміздің ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін инновациялық шешімдерге инвестиция салуды жалғастырды. Атап айтқанда, инновациялар жөніндегі Бюроның қолдауымен Елдік Кеңсе ресурстарды ЮНИСЕФ серіктестеріне беру кезінде есеп берушілікті арттыру және қағаз құжаттама көлемін қысқарту мақсатында блокчейн технологиясын пайдалана отырып, смарт-келісімшарт қосымшасы бойынша жұмысты аяқтайды. Прототип бойынша жұмыс 2021 жылдың қаңтарында аяқталады деп жоспарлануда және ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Департаментіне және ЮНИСЕФ штаб-пәтерінің басқа бөлімшелеріне тираждау үшін ұсынылады.

Қазақстанда сынақтан өткен тағы бір жаңа енгізілім қыздардың жаратылыстану, технология, инженерлік іс және математика, соның ішінде ғарыш саласындағы техникалық дағдыларының, жеке қасиеттері мен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларының маңыздылығын арттыруға бағытталған. ЮНИСЕФ Қазақстан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен бірлесіп, қыздарға арналған UniSat наноспутниктерін әзірлеу бойынша білім беру жобасын жүзеге асыруға кірісті. UniSat бағдарламасының қатысушылары, 14-35 жас аралығындағы қыздар стратосферада сәтті іске қосылған наноспутниктің тәжірибелік үлгісін жобалауды, дизайнын, бағдарламалауды, құрастыруды және тестілеуді жүзеге асырды. Қазіргі уақытта Елдік Кеңсе қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және болашақта табысқа жету мақсатында олардың мүддесінде дағдыларын дамытуға жаңашыл тәсілдемені көрсету, сондай-ақ жинақталған тәжірибені ЮНИСЕФ-тің басқа елдік бөлімшелерімен оны ықтимал тираждау үшін бөлісу үшін бағдарламаны тираждауды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Пандемия GIGA бастамасына қосымша өзектілік берді, онда Қазақстан өңірлік ұйымдастырушы ретінде әрекет етті, ал COVID-19 тәжірибесі Қазақстандағы «соңғы миляны»

қосу мәселесін да анықтады. Қазақстан үшін экономикалық негіздемені дайындау аяқталды және бұл бастаманы ел ішінде және өңірде кеңейту және нығайту үшін қосымша қаржы қаражаты алынды. Цифрлық қоғамдық игіліктерде қажеттіліктерді бағалау және қаржылық модельді әзірлеу 2021 жылдың 1-ші тоқсанына жоспарланған.

Балалар үшін нәтижелерге жеделтеліген қол жеткізуге бизнестің қатысу стратегиясын әзірлеу және бизнеспен өзекті және маңызды серіктестік қатынастарды орнатуда қызметкерлердің әлеуетін арттыру үшін Елдік Кеңсе бизнестің Қазақстандағы бала құқықтарына әсерін зерттеді және бағдарламаның барлық қызметкерлері үшін «Бизнес нәтижелерге қол жеткізу үшін» атты тренинг ұйымдастырды. «Бизнес нәтижелерге қол жеткізу үшін» зерттеуі мен тренингінің нәтижелері бойынша Елдік кеңсе іскери серіктестіктерді жұмыс жоспарлары мен бағдарламалық стратегияларға біріктіруді көздейді, бұл ынтымақтастықтың оңтайлы тәжірибесін жетілдіру мақсатында балалар құқықтарын бұзуды жою үшін іскерлік мүмкіндіктер мен ресурстарды максимизациялау жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасының негізгі стратегияларының бірі болып табылады.



**Батпақ ауылының №6 мектебінің  
2-сынып оқушылары, Рамина (ақ түсте)  
және Ясмина (қызғылт түсте).**





### ЮНИСЕФ Қазақстан

#### Мекенжайы:

- 📍 Қазақстан Республикасы,  
Z10K8H4, Ұр-Сұлтан қ.,  
10 Бейбітшілік к-сі, 1 блогі
- ☎️ +7 (7172) 32-28-78

#### Бізге жазылыңыздар:

- 📘 UNICEFKazakhstan
- 🐦 @unicef\_kaz
- 📷 @unicefkazakhstan
- 🌐 <https://www.unicef.org/kazakhstan/>